

## МАЗМҰНЫ

### Негізгі мақала

Клебелсберг Е. Табиғатты қорғау инициативасы «Алтын-Дала»: дала мен ақбөкенді сақтаудың ұзақмерзімді программасы

### Жаңалықтар

#### Баспаларға шолу

Бекирова А. Ақбөкен қиссасы. Центр Азия, 27 маусым 2008 ж.

#### Ғылыми мақалалар

Дуйсеев Б.З., Скляренко С.Л. Қазақстанда ақбөкенді сақтау

Федосов В. Ақбөкен питомнигі – экологиялық білім беру орталығы

Косбергенов М. Арал теңізінің шығыс жағалауында (Өзбекстан) ақбөкеннің жергілікті популяциясын сақтау жөніндегі мәселе

Манджиев Х. Б., Моисейкина Л.Г. Еуропа ақбөкен популяциясындағы альбинизм (терісі мен жүнінің ағаруы)

#### Проектілерге (жобаларға) шолу

Моңғолияда ақбөкенді сақтау жөніндегі WWF проектісі

"Степной" қорықшасы жұмысындағы жаңа бағыт

Лондан Империял Колледжасы проектілеріндегі жаңалықтар

Мен туралы ертегі айтшы

Дәстүрлі кесте тігу – Үстірттегі әйелдердің қосымша табыс табу көзі

Өзбекстанда ақбөкенді қорғайтын табиғи территорияларды бағалау жөніндегі жаңа проект басталды

#### Жаңа басылымдар

#### Хабарландыру

Ақбөкенді сақтау альянсының (SCA) кіші грантының 2008 жылға арналған программасы

#### SCA ақбөкенді сақтау жөніндегі озаратүсінісу меморандумының орындалуы туралы

Ақбөкенді сақтау жөніндегі қоныс аударатын түрлер конвенциясына (CMS) сәйкес ӨТМ-ның орындалуы туралы есеп, қаңтар - шілде 2008 ж.

#### Табиғатты қорғау инициативасы «Алтын-Дала»: дала мен ақбөкенді сақтаудың ұзақмерзімді программасы

Табиғатты қорғау инициативасы «Алтын-Дала» (ADCI) – солтүстік дала мен шөлейтті экосистемаларды және қазіргі жағдайлары өте қиын ақбөкен (*Saiga tatarica tatarica*) немесе тарғақ (*Vanellus gregarius*) сияқты жануарларды қорғауға арналған кеңкөлемді жоба (проект) болып табылады.



Бетпақдалада ақбөкен аналығы төлдеу кезінде.  
Сурет Ева Клебелсбергтікі

«Алтын-Дала» инициативасының негізгі міндеттері:

- Ақбөкеннің бетпақдала популяциясының келешекте тұрақты тіршілік етуіне және оның мекендейтін жерлеріне әсер ететін негізгі қауіптерге көңіл аудару; мысалы, браконьерлікке және мекендейтін қоныстарындағы өзгерістерге.

- Ақбөкен және сол сияқты құлан, қарақұйрық, дуадақ және тарғақ қоныстарына әртүрлі статусы бар қорғалатын территория жүйесін ұйымдастыру және қоныс аударатын жолдарында жануарлар өтетін коридорлар қалдыру.

- Жануарлардың негізгі қоныстарында оларға жергілікті тұрғындардың және басқада мүдделі адамдардың әсерін анықтау, мүмкіндігінше оларға көмектесу, адамдардың әл-ауқатын жақсарту және ауыл шаруашылығын дамыту.

- Табиғат қорғау шараларын жоспарлап, енгізу үшін қазақ даласы мен шөлейтті жерлері туралы, оларда мекендейтін жан-жануарлар туралы мәліметтер жинау.

- Далалық аймақты және онда мекендейтін ақбөкен сияқты хайуанаттарды сақтап қалу үшін үгіт-насихат жұмыстарын күшейту қажет.

(Жалғасы 2-ші бетте).

Ева Клебелсберг, табиғатты қорғау инициативасы «Алтын-Дала» және Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау ассоциациясы (ACBK), [eva.klebelberg@acbk.kz](mailto:eva.klebelberg@acbk.kz)

Бұл проектіні орындауға Қазақстан Үкіметі, Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау ассоциациясы (ADCI), Франкфурт зоологиялық қоғамы (FZS), ұлыбританияның құстарды қорғау қоғамы (RSPB) - BirdLife және Халықаралық WWF -қоғамы қатысады. Халықаралық қоныс аудару және дамудың Германия Орталығы ACBK-да 2007-жылдың басынан жұмыс істейтін екі эксперттері арқылы бұл проектіні қолдайды.

Редакция алқасы. Ұлыбритания: Э.Дж. Милнер-Гулланд, Империял Колледж Лондон ([e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)); Қазақстан: А. Бекенов и Ю. Грачев, зоология институты ([terio@nursat.kz](mailto:terio@nursat.kz)); Қытай: А. Канг и Ли Лишу, WCS Қытай ([ygling@online.sh.cn](mailto:ygling@online.sh.cn) и [lii@wcs.org](mailto:lii@wcs.org)); Моңғолия: Б. Лхагвасуурен, Биология институты ([ecolab@magicnet.mn](mailto:ecolab@magicnet.mn)) және Е. Онон, WWF-Моңғолия ([mpo-species@wwf.mn](mailto:mpo-species@wwf.mn)); Ресей: Ю. Арылов, Қалмак Республикасының жабайы жануарлар орталығы ([kalmisaigak@elista.ru](mailto:kalmisaigak@elista.ru)) және А.Лушечкина, экология және эволюция проблемалары Институты ([rsmabcom@gmail.com](mailto:rsmabcom@gmail.com)); Түркменстан: Дж. Сапармуратов, шөл, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің ұлттық институты ([saparmuradov@mail.ru](mailto:saparmuradov@mail.ru)); Өзбекстан: Е. Быкова и А. Есипов, зоология Институты ([esipov@sarkor.uz](mailto:esipov@sarkor.uz)).

Сіздерді көрсетілген алты тілдің бірінде жазылған материалдарыңызды жіберуге шақырамыз. Оларды мына адреске жіберіңіздер: [esipov@sarkor.uz](mailto:esipov@sarkor.uz), [saigaconservationalliance@yahoo.co.uk](mailto:saigaconservationalliance@yahoo.co.uk) немесе редакторлардың біріне.

Бюллетень жылына екі рет шығады.

Бұл басылымды мынандай online табуға болады: [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com), <http://bcc.seu.ru/programs/saigak/publications.html>, [www.iccs.org.uk/saiganews.htm](http://www.iccs.org.uk/saiganews.htm) және <http://www.wildlifewardens.net/wcs/mini/Saiga-Chinese.pdf>, сондай-ақ pdf-ден немесе оның көшірмесін ағылшын, қазақ, қытай, моңғол және орыс тілдерінде өздерінің мәлімдемелерін бойынша алуға болады.

Шығуына қаржыдай көмектескен:



Қосымша қаржы:



(Жалғасы, басы 1-бетте.)

### Біз неге жеттік:

**Ақбөкенді сақтау:** «Алтын-Дала» инициативасы инспекторлардың үш тобын құрды, оларды автокөлікпен, палаткалармен, бинокльдермен және басқа да құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Олар экспедиция жағдайында инспекторлардың мемлекеттік бригадаларына көмектеседі; проектiнiң мониторинг системасы үшін негiзгi түрлер туралы мәліметтер жинайды, сонымен бірге мектеп оқушыларымен, жергілікті беделді адамдармен («Совет старейшин») жұмыс жүргізеді. Негізгі мақсат – жастарды браконьерлік жолға түсірмеу.



ADCI командасы Бетпақдалада зерттеулер жүргізуде.

Сурет Өркен Шаймұханбетовтікі

### Ақбөкендердің жаппай төлдейтін жері табылды

Соңғы айлардағы негiзгi табыс-ақбөкендердiң жаппай төлдейтін қоныстарын табу және оларды сақтаумен байланысты. Бұл соңғы жылдардағы аңның бетпақдала популяциясы үшін маңызды мәлімет болып табылады:

Қазірде ақбөкеннің бетпақдала популяциясының төлдейтін жерлері шағын-шағын учаскелерге бөлініп кеткен және ақбөкеннің жаппай топталуы бүгінде онша байқалмайды. Бірақ бұдан үш жеті бұрын ADCI командасы 4 000-дай киіктің аналықтары 20 күндей төлдеген жерін тапты. Инспекторлар мен ғалымдар Ырғыз-Торғай резерватының мемлекеттік инспекторларымен бірлесе отырып, ақбөкеннің осы тобы маңында қалды; сол төңіректегі жолдарды бөгеп, аңдарды браконьерлерден қорғаумен қатар оларды үркітпейге тырысты. Олар ақбөкеннің таралуы, топ мөлшері және мінез-құлқы туралы материалдарды да жинады. Сондай-ақ экспедиция кезінде ақбөкендердің төлдейтін тағы да үш ұсақ жерлерін тапты. Келесі айларда инспекторлар аңдар тобына бақылау жүргізіп, «Алтын-Дала» инициативасы (ADCI) үшін жануарлардың қоныс аударуы және жайылымдары туралы мәліметтерді жинайды.

2008 ж. сәуір айында ADCI командасы тұңғыш рет Қазақстан Үкіметінің «Ақбөкенді және басқа жабайы тұяқтыларды сақтау программасы» бойынша жыл сайын өткізілетін самолетпен ақбөкенді санау жұмысына қатысты. Қазірде ADCI проектісі ұзақмерзімді келешекте бетпақдала популяциясының санын анықтау үшін Қазақстанның орман мен аңшылық шаруашылығы комитетіне техникалық және методология жағынан көмек беруге тырысады. Кейбір «қазіргі» GPS типті және алтиметрлер сияқты құрал – жабдықтардың жетіспеуінен және популяцияның аз жағдайына бейімделмеген санақ әдістемелерін қолдану соңғы жылдары алынған мәліметтердің онша сенімді болмауына әкеп соқтырды. Бірақ, бұл алынған материалдар популяцияның динамикасы (өзгерістері) туралы жағымды мәліметтер береді.

**Қорғалатын табиғи территория ұйымдастыру:** ADCI қолдауымен ақбөкеннің жаз уақытындағы жайылымы болатын әрі оның негiзгi төлдейтін мекені болып табылатын 500.000 га жазық дала мен сулы-батпақты учаскелер мемлекеттік «Қорғалатын табиғи территорияларды дамыту Программасына» енгізілуі керек. Проект командасы

қаржыландыра отырып, қорғалатын территорияның ғылыми негiзiн, ондағы биологиялық ресурстарға сипаттама бере, жасады. Қазірде біз оның экономикалық және техникалық негiзiн дайындап жатырмыз. Қорғалатын территория 2010 жылға қарай ұйымдастырылуы мүмкін.

Қазірде ADCI мемлекеттік «Қорғалатын табиғи территорияларды дамыту программасына» енгізуге болатын «ақ дақтар» аталатын жаңа учаскелерді анықтауда. Қорғалатын Қазақстан территориялары системасында экосистемамен бірге ондай территорияларды анықтау әдісі онша жетілмеген; ақбөкендердің негiзгi қоныстары мен биологиялық әртүрліліктің «ыстық нүктелерінде» есепке алуда қажет. Осы жылдың жаз айларында Алтын-Дала экспедициясы осындай бір немесе бірнеше аудандарда болып, ол жерлердің ақбөкен үшін қандай маңызы барлығын анықтайды.

«Алтын-Дала» мақсаты – ақбөкеннің Бетпақдалада таралу аймағын қамтитын жер көлемі 3-4 млн. га болатын қорғалатын территория жүйесін ұйымдастыру.

**Табиғатты қорғауды жоспарлауға экосистемалық тәсіл:** солтүстік жарты шарда далалық және шөлейтті экосистемалар и олардың биоәртүрлілігі әлі де нашар зерттелген. Бірақ бұл экосистемаларда жануарлар мен өсімдіктер қауымдастығында ақбөкен маңызды роль атқарады. Ақбөкендер далалық өсімдіктердің тұқымдарын алыс территорияларға таратуда, топырақтың құнарлығын арттыруда үлкен ролі бар. Малдарды жау режимінің бұзылуы өсімдіктер құрамының өзгеруіне әкеп соқты. Соның нәтижесінде құнарсыз өсімдіктер түрлері ғана көп тарайды.

Ұлыбританияның құстарды қорғау Одағы RSPB мен Қазақстанның биоәртүрлілікті сақтау ассоциациясының АСБК қазіргі зерттеулері саны күрт азайып кеткен тарғақ (*Vanellus gregarius*) (IUCN 2007) пен жазық далада жайылатын жабайы тұяқты аңдардың арасында тығыз байланыс барын көрсетеді. Осы сирек кездесетін құстың маңызды ұялайтын жерлері Қазақстанда. Бұл құс ұясын өсімдіктер сирек өскен жерге салады да, балапандарын жасыру үшін биік өскен шөпті жерлерді іздейді. Мұндай жерлерде үй малдарын көп жаюға байланысты айтылған жағдай сақталмайды.

Дала суыры (*Marmota bobak*) және сарышұнақтар (*Spermophilus sp.*) сияқты ірі кеміргіштердің тіршілігі жабайы жануарлардың жайылымына байланысты болады. Олардың санының азаюы, мүмкін, негiзгi жаулары – дала құладына (*Circus macrourus*), жамансары (тілеміш) (*Buteo rufinus*) немесе дала бүркіті (*Aquila nipalensis*) сияқты жыртқыш құстардың аз-көп болуына да байланысты болар. Сондай-ақ тазқара (*Aegypius monachus*) мен ақбас құмайдың (*Gyps fulvus*) жойылып кетуге таяу тұруы ақбөкен санының азайып кетумен байланысты болуы да мүмкін.

Қыс айларында жер бетін қалың қар басқан кезде кеміргіштер мен басқа да ұсақ сүтқоректілер аулауға мүмкіндік болмаған уақытта қасқырлар ақбөкенді ұстауға кіріседі. Олар алдымен кәрі немесе ауруға шалдыққан аңдарды аулайды, өйткені дені сау ақбөкендер оларға оңайлықпен ұстатпайды. Жабайы жануарларды аулау қиынға соққан кезде жыртқыштар ауыл маңына жақын келіп, үй малдарына «шабуыл» жасайды. Бұл жергілікті малшылар үшін үлкен проблема болады; енді малшылар, мүмкіндігінше, қарқырларды аулауға кіріседі.

Университеттермен, ғылыми институттармен бірлесе жұмыс істей отырып, сонымен бірге өздерінің орындаған ғылыми зерттеу мониторинг жұмыстарын қортындылып, ADCI жоспарланған қорғалатын территория, коридорлар мен қорғау шаралары туралы негiзгi мәліметтерді жинауға тырысады:

- Қазірде ADCI Грейфсвальд университетімен және Қазақстан ғылыми – зерттеу институттары және университеттерімен бірлесе отырып, дала сукцессиясы (орын ауысы) мен экосистеманы қалпына келтіру жөніндегі ғылыми жобаны (проектіні) жүзеге асыруда дамытуда.

- RSPB және АСБК-нің тарғақ проектілері құрамында олар тіршілік ететін экосистемалар және үй малдары мен жабайы тұяқты жануарлардың қарым-қатынасы зерттелуде.

• Қазірде ADCI Deutsche Gesellschaft für Technische Zusammenarbeit (German Technical Cooperation) GTZ-ның қолдауымен ақбөкеннің бетпақдала популяциясы аймағы

шеңберіндегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, жерді пайдалану және жергілікті халықтың әл-ауқаты жөнінде зерттеулер жүргізілуде.

## Халықаралық және региональдық жаңалықтар



### Америка Конгресінің мүшелері ақбөкен жөнінде көп мәліметтер алды

2008 ж. маусым айында ақбөкенді сақтау Альянсын Халықаралық табиғат қорғау ICCF (International Conservation Caucus Foundation) фондысы американдық Конгресі мүшелері мен қызметкерлеріне ақбөкенді сақтау үшін не істеліп жатыр, соны айтып беру үшін шақырған еді. Альянс одағы (SCA) атынан доктор Алина Кюль сөйлеп, ақбөкен туралы лекция оқыды. Бұл Конгрес мүшелері үшін ICCF ұйымдастырған шаралардың бірі еді. Сондай-ақ бірауақытта жабайы табиғат фондасы атынан Карен Росс сөйлеп, Окавандо атырауы туралы айтып

берді. Конгрес атынан қатысқан 60 мүшесі ішінен үшеуі ғана бір кездері ғана ақбөкен туралы естіген екен. Өйткені олар американың халықаралық саясаты мен энергетикасы жөнінен Орталық Азиямен және Ресеймен байланысты болып шықты. Сондықтан да ақбөкен жөніндегі әңгімені олар жақсы қабылдады. Айтылған екі лекцияны мына Сайдтан көре аласыздар:

<http://iccfoundation.us/e-briefings/20080613karenross/index.htm>

### Бірлесіп жұмыс істеу жолында

2008 ж. ақпан айында Ташкентте Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік табиғат қорғау комитеті мен Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің бірлескен мәжілісі болып өтті. Мәжілістің қорытынды жиналысында «2008-2010 жылдарға арналған ақбөкеннің Үстірт популяциясын сақтау жөніндегі бірлескен қимылдарының

Жоспарына» қол қойылды. Міне, осы жоспар барысына сәйкес Өзбекстан өкілі Қазақстанда биылғы көктемгі ақбөкенді санау жұмысына қатысты (төменде - қара).

*Қосымша хабарды Г.Ф.Гончаровтан алуға болады:*  
[gossbiocontrol-ruz@sarcor.ru](mailto:gossbiocontrol-ruz@sarcor.ru).

### Қазақстанда самолетпен ақбөкенді бірлесіп санау жұмысы жүргізілді

14-ші сәуірден 4-ші мамырға 2008 ж. дейін Қазақстанда самолетпен (АН-2) ақбөкенді санау жұмысы жүргізілді. Оған Қазақстанның Зоология институтының, ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман мен аңшылық шаруашылығы комитетінің, «Охотзоопромнің», облыстардың орман мен аңшылық шаруашылығы басқармаларының, Қазақстанның биоәртүрлілікті сақтау ассоциациясының қызметкерлері және Өзбекстаннан ақбөкенді сақтау альянсының өкілі қатысты. Ақбөкеннің жалпы саны - 61,0 мың болса, оның бетпақдала популяциясы - 32,3 мың, үстірт популяциясы – 10,4 мың, Орал

популяциясы – 18,3 мыңдай болды. 2007 жылмен салыстырғанда, ақбөкеннің жалпы саны 11,3%-ке өсті. Бірақ үстірт популяциясының саны азайғаны байқалды. Осы уақытқа дейін санақ кезінде Өзбекстанда қанша ақбөкен қалатыны әлі белгісіз болып отыр? Әрине әр жылдары ауа райына байланысты аңның саны өзгеріп отыратыны белгілі ғой. Бұл мәселені шешу үшін екі елде де бір мезгілде ақбөкенге санақ жұмысын жүргізу қажет. *Қосымша мәліметтерді Ю.А.Грачевтан, Институт зоология (Қазақстан), [terio@nursat.kz](mailto:terio@nursat.kz) алуға болады.*



Ақбөкендерді самолеттен суретке түсіру.  
*Сурет В.Тугалевтікі*



Охотзоопром мен Зоология институтының қызметкерлері ақбөкеннің Орал популяциясын санау үстінде.  
*Сурет Д.Головцовтікі*

### Ақбөкен Өзбекстанның Қызыл кітабына енгізілді

2008 ж. 5 наурызында Ташкентте Қызыл кітап туралы ведомстаралық комиссияның жоспарлы мәжілісі болып өтті. Онда ақбөкенді ұлттық қызыл кітапқа енгізу туралы шешім бірауыздан қабылданды. 21-ші сәуір күні Өзбекстанның мемлекеттік табиғат қорғау комитетінің бұйрығымен (№ 39) күдікті түр статусымен ақбөкен Өзбекстанның Қызыл кітабына кіргізілді. Өзбекстанда ақбөкенді аулауға 1991 жылдан бастап

тиым салынған. Ол ерекше қорғауды қажет ететін түрлер тізіміне енген болатын. Бір-ақ бұл шара ешқандай жағымды нәтиже бермеді. Ақбөкеннің статусын қайта қарау және оны ұлттық Қызыл кітапқа енгізу – республикамызда қыста қоныс аудару кезі мен төлдеу уақытында бұл аң санының күрт азайып кетуіне байланысты болды.

Қосымша мәлімет алу үшін А.А.Григорьянцқа хабарлау керек:

(«Госкомприрода» Өзбекстан), [gobiocontrol-ruz@sarcor.ru](mailto:gobiocontrol-ruz@sarcor.ru).



## Өзбекстанда ақбөкенді қорғаушылар пайда болды

Ақбөкен қорғау проблемасын түпкілікті шешу үшін Өзбекстанның Мемлекеттік табиғат қорғау комитеті Қарақалпакия Республикасының жоғарғы Советімен келісе отырып, арнаулы Амудария инспекциясын (САИ) ұйымдастырды. Бұл инспекцияның негізгі міндеті – Амудария атырауындағы ақбөкен, тоғай бұғысы, қаракүйрық, дуадақ, сексеуіл, тораңғы сияқты жан-жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау болып табылады. Үстірт қыраты да инспекция территориясына енеді.

Инспекция құрамында 6 адам, 2 УАЗ автокөлігі бар. Қорғалатын территорияның көлемінің (10 млн. га) үлкен екенін ескере отырып (Үстірт қыраты, Арал теңізі аймағы), ақбөкенді қорғауды күшейту үшін әртүрлі халықаралық фондылар мен ұйымдарды көмектесуге шақырамыз. Қосымша мәліметтерді М. Қосбергеновтен аласыздар: [eprommakset@mail.ru](mailto:eprommakset@mail.ru).

## Қытай Үкіметі ақбөкенді сақтаумен, одан алынатын медициналық өнімдерді әкімшілік жолмен реттеуді жариялады

2007 жылдың 12-ші қарашасында Қытай Үкіметі Мемлекеттік орман шаруашылығы басқармасымен, Денсаулық сақтау министрлігімен, мемлекеттік өнеркәсіп пен сауда басқармасымен, мемлекеттік тамақ өнімдері мен дәрі-дәрмектердің сапасын бақылайтын санитарлық бақылау басқармасымен және Мемлекеттік дәстүрлі қытай медицинасы басқармасымен бірлесе отырып «Ақбөкенді, Панголинаны, сирек кездесетін жыландарды қорғауды күшейту және медициналық қажеттілік үшін олардан алынатын өнімдерді стандартты басқару ережесі» қабылданғанын жариялады.

Қабылданған ереже Панголина (қытай ящеры) мен сирек жыландар түрлерінің сандарының тез азаюына, сондай-ақ «ақбөкен мүйіздерінің дәстүрлік медицина (TCM) үшін жетіспеуі және контрабанданың мезгіл-мезгіл өсуіне байланысты болды; халықаралық қауымдастықтың жағынан проблема туғызды. СИТЕС мен МСОП ақбөкенді сақтау жөніндегі резолюцияны Қытай жағына берді және оны басқаруды күшейтіп, резолюцияның орындалуын талап етті».



Дәстүрлі Қытай медицинасының базары.  
Сурет Лишу Ли

Ақбөкенді сақтау мен одан алатын өнімдердің бөлшек бағаларын реттеу мақсатымен Ережеде мынадай арнаулы пункттер көрсетілді:

1) Ақбөкендер, Панголиндер және сирек жылан түрлерінің табиғи популяцияларын қалпына келтірген және оларды қолда өсіретін тұтыну корпорацияларын қолдау, марапаттау қажет.

2) Өнімдердің қорын бақылау үшін оларды регистрациядан өткізіп, тізімдерін жасау; стандартизация мен сақтау әдістерін көрсету керек.

3) Осы уақыттан бастап арнаулы ауруханаларда ақбөкен мүйізінен алынатын шикізаттарды қолдануды шектеу және ТСМ-де әртүрлі препарат өндіруді шектеу қажет. Олардың ешбіреуі арнаулы ауруханадан тыс жерлерге сатылмауға тиіс. Ақбөкен мүйіздерін препараттар өндіру үшін пайдалануға ТСМ-дер тамақ Өнімдерін және медициналық препараттардың сапасын қадағалайтын Мемлекеттік санитарлық басқармасынан рұқсат қағаз алулары қажет; бақылау агенттерінен өтуі керек.

4) Ақбөкен мүйізінен алынған шикізаттарды жасырын көздерден алынған соң, оларды тексергеннен кейін, регистрация мен стандартизациядан өткізген соң заңды сауда орындарына беруге болады. ТСМ-ді өндіретін регистрацияға отырған корпорацияларға және кейбір ауруханаларға сатуға болады. Оларды дәстүрлі медицина үшін препараттар өндіруге и ауруханаларда пайдалануға болады.

5) ТСМ препараттары және ақбөкен мүйізінен алынған өнімдер этикеткалармен жабдықталып, бақылауда болу қажет. 1-ші наурыз 2008 жылдан бастап сатуға түсірер алдына барлық ТСМ препараттары мен ақбөкен мүйізінен алынған өнімдер аз мөлшерде упаковкада болып, этикеткада мынадай жазу болуы қажет: «Қытайда жабайы жануарларды пайдалану және коммерциялық (сауда) қызмет».

6) Бақылау күшейтіліп, жақсаруы керек. Ақбөкен мүйіздерімен заңсыз сауда жүргізу мен контрабанда қатаң жазалануы қажет.

Бұл ережені қабылдағанға дейін ақбөкен мүйізінің қорын регистрация жасау мен басқару тек бұл шикізатты пайдалану ТСМ препараттарын өндіретін бірқатар корпорациялармен және фармакология компаниясы мен ғана шектелетін. Бұл жағдай корпорациялар мен компаниялар жұмыстарын реттеуге мүмкіндік береді. Ал, жаңа Ереже жабайы жануарлар өнімдері, әсіресе ақбөкен мүйіздерімен, сауда жасауды реттеуге мүмкіндік берді. Ақбөкендер мүйіздерімен сауда жасауды реттеп, оған бақылау жасауға жол ашады.

## Қалмақ газеттерінен

«Известия Калмыкии» (23 мамыр 2008 ж.) газетінің хабарына қарағанда, биылғы жылы ақбөкендердің төлдеуі, бұрынғыға қарағанда, кешірек басталды, мамыр айының ортасында, күннің суық болуына сәйкес келді.

Сондықтанда, Бұрынғы жылдарға қарағанда, ақбөкен төлдерінің саны аз болды. Мемлекеттік биосфера қорығы «Черные земли» ғылыми қызметкерінің мәліметі бойынша, осы қорыққа және «Тингутинский» («Степной») қорықшасына

биылғы көктемде ақбөкен аналықтары аз келді (шамамен 7 мыңдай, ал 2007 жылы - 12 мыңдай болатын). Мамандардың пікірінше, оның негізгі себептері – ауа райының қолайсыздығы (жазда құрғақшылықтың болуы) және бұл аңның нашар қорғалуы

(ведомств аралық түсініксіздіктен). Деседе, биылғы ауа райы жағдайы қолайлы: көктемде жаңбырлы болып, шөп қаулап өсті, сондықтан да азық іздеп ақбөкендер ерекше қорғалатын табиғи территориялардан кетпеуге тиіс.

### **Саратовта жас ғалымдар Халықаралық мектеп-семинарда ақбөкенді сақтау проблемасын талқылады**

2008 ж. 5 – 7 мамырында Ресей ғылым академиясы А.Н. Северцов атындағы экология және эволюция проблемасы Институтының Саратов филиалында (Дьяковка с., Краснокут ауданы Саратов обл.) жас ғалымдардың кезекті халықаралық мектеп - семинары: «Дала экосистемасының табиғи және антропогендік динамикасы және орта жағдайының өзгеруіне байланысты табиғатты қорғау мәселесі» тақырыбында болып өтті. Жас ғалымдар алдында далалық экосистеманы зерттеуші ірі ғалымдар сөз сөйледі. Экскурсия ұйымдастырылды. Жас мамандардың баяндамалары далалық зонадағы табиғи және антропогендік факторларға, далалық табиғи – территориялық комплекстердің құрылымы, далада тіршілік ететін жануарлар дүниесі, дала экосистемасын қорғауға арналды. Ақбөкенге жоғарыда аталған институттың екі аспиранттары: К.О. Ларионова мен Н.Ю. Арылованың баяндамалары арналды. Бұл баяндамалар жақсы тыңдалып, семинарда талқыланды. Мектеп-семинардың материалдары «Поволжский экологический журналда» жарияланатын болады. *Қосымша мәліметтерді Н. Ю. Арыловадан (ИПТЭ РАН) алаңыздар: [arylova@gmail.com](mailto:arylova@gmail.com).*



**Халықаралық мектеп-семинарға қатысушылар.**  
*Сурет Елена Данжалованикі*

### **Юньнанда (Қытай) заңсыз ақбөкен мүйіздерін сатып жүрген екі күдікті адам тұтқынға алынды**

20-ші қаңтарда Куньмин қаласының әуежайында ұшу алдында Чжэцзян провинция азаматы мисс Ли тұтқынға алынды. Қауіпсіздік органның қызметкерлері оның жүгінен екі ақбөкен мүйізін тапты. Ли бұл мүйіздерді қайын енесін емдеу үшін 1,800 юанға (~ US\$225) Куньмин қаласындағы дәстүрлі қытай медицинасының (ТСМ) Цзюйхуаюан базарында Чжоу деген азаматтан сатып алғанын айтты. Осы мәліметтерге сүйене отырып, сол кеште провинциалды орман шаруашылығының полицейлері ТСМ-нің Цзюйхуаюан базарындағы Чжоу складынан ақбөкеннің 28 мүйізін тапты. Үш жыл бұрын Синьцзян тұрғындары ТСМ үшін базарда ақбөкен мүйіздерін сатқанын Чжоу полицияға атты. Сонан ол 30 мүйіз 6800 юанға (~US\$850) сатып алғанын хабарлады. Қытай академиясының Зоология институтында жүргізілген экспертиза, 30 мүйіз 22 ақбөкеннен алынғанын көрсетті (1 табиғат қорғау категориясы). Күдікті екі азаматта қазірде тергеу үстінде.



**Қытай базарында ақбөкен мүйіздерін сату**  
*Сурет Чжао Яо*

### **Ганьсюінде (Қытай) 6 ақбөкен мүйіздерімен бірге жануарлар тектес өнімдерді заңсыз сату жайы**

Синьхуа Net, Ляньчжоу халықаралық табиғат қорғау ұйымдарының мәліметіне сүйене отырып, 16 қаңтарда Ганьсю провинциясының орман шаруашылығы полицейлері жануарлар тектес өнімдермен заңсыз сауда жасау фактісін анықтады.

6 ақбөкен мүйізі, бір түлкі терісі және піл сүйегінен жасалған 90 бұйымдарды конфисқеленді. 12 күдікті адамдар өз кінәларын мойындады.

### **Қалмақияда ақбөкен атып алған браконьер ұсталды**

«Қалмақия Парламент вестнигі» хабарлағанындай, 2008 ж. 8 қаңтарында Қалмақияның Яшкөл ауданының ішкі істер басқармасының инспекторлары бұрынғы Хулхута селосының тұрғыны 43 жастағы М.В.Романенконы автокөлігімен ВА3 -

2107 ұстады. Автокөліктің багажнигінде атып алған ақбөкен жатты. Романенко бұл аңды мотоцикльмен браконьерлік жолмен аулағанын мойындады. Оған қылмыс іс қозғалды.

## Байқоңыр космодромы ауданында браконьерлер ұсталды

Қазақстан «Экспресс-К» газетінің тілшісі Илья Гуктың хабарлағанындай, 17 қаңтар 2008 ж. Қызылорда облысының Қаражусан селосының маңында браконьерлердің бірнеше группасы ұсталған. Әуелі ЗИЛ автокөлігі тексерілген; онда төрт ақбөкен тушқасы және 12-калибрлі екі аңшы мылтығы

көзге түскен. Одан кейін тағы да үш жеңіл автокөлік ұсталып, онда екі ақбөкен тушқасы, 12-калибрлі екі аңшы мылтығы және бір «Сайга» мылтығы (7,62 калибрлі) қолға түскен. Браконьерлерге жасалған протокол мен конфискілен бұйымдар Қызылорда облысының ішкі істер департаментіне тапсырылған. *Толығырақ қара:*

[http://www.express-k.kz/show\\_article.php?art\\_id=14461](http://www.express-k.kz/show_article.php?art_id=14461)

## Баспаларға шолу

Қазақстан. *ЦентрАзия*. 27.06.2008 [қысқартылып алынған]

<http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1214553420>

### Ақбөкен қиссасы

*Қазақстанның ақбөкен популяциясын кім қырды?*

*15 жыл ішінде оның саны 1,3 миллионнан 60 мыңға дейін қысқарды.*

Ақбөкенді қыруда сот системасын гуманизация жасауда кінәлі...

...сондай-ақ тарих, ауа райы және біздің көршілеріміз. Осы туралы әңгіме саны азайған және жойылып кету қаупі бар жабайы жануарлар түрлері мен ақбөкенді қорғау және оларды көбейту мәселелеріне арналған Алматыда өткен прессконференцияда сөз болды.

1993 ж. Қазақстандағы ақбөкен саны бір миллион 300 мың болатын. Ал, 2003 ж. Қазақстанда оның қоры бар болғаны 21 мыңдай ғана болды. Оның себептері көп-ақ. 1993 жылы қыс сондай суық болып, көптеген аңдар Өзбекстанға қоныс аударды. Сол уақыттың мәліметіне сүйенсек, ақбөкендер тіпті ауыл-селоға енді де; оларды жергілікті тұрғындар атып алды. Одан кейінгі 1995 жылғы техногендік апат (катастрофа). Ғалымдар күні бүгінге дейін түсінбей келеді: бұл ракетаны ұшырған кездегі немесе ракетаның жерге қарай түсуі кезінде қандайда бір заттың бөлінуінен жануарлардың жаппай қырылуы ма, ол түсініксіз. Әсіресе, үлкен шығын мемлекеттің ақбөкен мүйіздерімен сауда жасауға рұқсат берген кезінде байқалды. Браконьерлер тіпті ақбөкендерді соймай-ақ, тек аңның мүйіздерін ғана кесіп алды. Бүкіл дала ақбөкен өлексесіне толып кетті. Аңның мүйізі Қытайға сатылды.

Тек 1999 жылы ғана мемлекеттік әкімдер осы жылға дейін осы жан тебіренерлік оқиғаны болдырмауға шара қолдану керектігі туралы айқай салған табиғат қорғаушылардың үнін естеді. Сонда ғана ақбөкенді атуға тиым салынды.

Қазірде 61 мыңдай ақбөкен бар деп есептеледі. Деседе, ақбөкеннің Үстірт популяциясының саны азайып келеді. Өткен жылы оның саны 15 мыңдай болса, ал биыл бұл көрсеткіш тек 10 мыңдай ғана. Маман-зоологтар оның басты себебі – қыста ақбөкендер Өзбекстан мен Түркменстан территорияларына қоныс аударады. Онда оларды қорғау мардымсыз. Оны біздің көршілерімізде мойындайды.



Бетпақдалада ақбөкендер төлдеу кезінде.

*Сурет Өркен Шаймуханбетовтікі*

Осы жылдан бастап 2008–2010 жылдарға арналған: «Жануарлар дүниесі мен су ресурстарын сақтау мен тиімді пайдалану және ерекше қорғалатын территориялар жүйесін дамыту» туралы мемлекеттік программа жұмыс істей бастады. Ол осындай 2005-2007 жылдары орындалған программасының жалғасы болып табылады.

Республика бойынша жануарлардың саны сирек және жойылып кету қаупі бар түрлерін қорғау қызметтерін жабдықтау жақсаруда. Қазірде олардың қарамағында 40-тай автокөлік бар. Еліміздің әрбір аңшыларына арналған арнаулы мәліметтер жинақталуда. Қазақстанның жануарлар дүниесін сақтау мен браконьерлермен күресуге бағытталған табиғат қорғаудың ұзақмерзімді «Алтын-Дала» проектісі іске қосылған. Онымен қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау ассоциациясы және Дүниежүзілік жабайы табиғатты қорғау фондысы сияқты үкіметтік емес ұйымдар айналысады. Сондай-ақ Үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік ұйымдардың бірлескен жұмыстарының арқасында табиғатты қорғау зоналары құрылуда. Ақбөкен проблемасы сондай-ақ халықаралық дәрежеде де шешілуде. 2007 ж. мамыр айында ақбөкендерді сақтау мәселесі жөнінде Қазақстан мен Түркменстан арасында келісімге қол қойылды. Сондай келісім Өзбекстанмен қазірде келісу үстінде.

Қазірде ақбөкеннің жою себептерінің бастысы-браконьерлік болып тұр. 2007 жылы Қазақстанда 2500-ден астам браконьерлік фактісі байқалды. Бұл тек қолға түскендері ғана. Тек бар болғаны оның 120 ғана сотқа жетті. Біздің сот системасын гуманизациялауға байланысты көптеген браконьерлік істер қылмыстық жазамен бітпейді. Ең жақсы жағдайда-бұл шартты жаза. Бірақ, мысалы, транспорттық көліктерді конфискілеу туралы мәселе қойылып отырған жоқ. Бұл мәселе жөнінде Зоологтар Заң және ішкі істер министрліктерінен көмек сұраған еді. Бірақ ешқандай өзгеріс жоқ. «Егерде браконьерлер пайдаланатын «Джип» типтес автокөліктерді конфискілеген болса, онда ұсталған браконьерлер ойланған болар еді» дейді табиғатты қорғаушылар. Олардың пікірінше, «елдің заңдарында браконьерлік құралдар – жануарларды қуатын транспорттық құралдар болып табылады». Бұл факті документальды тіркелуі керек. Бірақ егер – аңшыларға оны жүзеге асыру мүмкін емес. Тек аңшылардың өздері ғана камераға түсірсе! Ал квадроциклдер мен снегоходтар жақында ғана транспорттық құралдар деп саналды.

Инспекторлардың өздері пайдалатын транспорттар аңшылардың көліктерімен салыстыруға болмайды. Сонымен бірге аңшылық жасауға шығатын аңшылар, негізінен, жоғарғы лауызымды адамдар. Мұнда әңгіме өте қысқа, Сондықтанда, оларға да басқа адамдарға берілетін қылмыстық шараларды беру керек. Олар өз жағынан барлық әрекеттерді жасап көреді. Тіпті одан да үлкен.

*Алина Бекирова*

**Мәлімет:** Бір ақбөкенді өлтірген үшін айып төлемі – шамамен 150-200 мың тенге. Ақбөкеннің біреуін атқан браконьерді үш жылға дейін бас бостандығынан айырады. Сондай-ақ, Үкіметтің қаулысымен (№ 18, 8 қантар 2004 ж.) тұяқты жануарлардың буаз аналықтарын заңсыз аулағаны үшін келтірген зиян мөлшері белгіленген. Бүгінде буаз ақбөкенді аулағаны үшін айып төлемі – 70 мың тенге.

## Ғылыми мақалалар

### Қазақстанда ақбөкенді сақтау

Дуйсекеев Б.З.<sup>1</sup>, Скляренко С.Л.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> – ҚР-сы ауыл шаруашылығы министрлігінің орман және аңшылық шаруашылық комитеті, Астана қ.; <sup>2</sup> – Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау ассоциациясы, Алматы қ.

Ақбөкен санының күрт азайып кету нәтижесінде, оны Қазақстанда сақтау жалпыұлттық проблемаға айналды. Елімізде ақбөкеннің үш популяциясы мекендейді: бетпақдала, үстірт және орал популяциялары. Олардың таралу аймағы республикамыздың он әкімшілік облыстар территорияларын қамтиды: Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан және, аздап, Ақмола және Алматы облыстары. Түр санының азайып кетуінің негізгі себебі-оның таралу аймағын тегіс қамтыған браконьерліктің жаппай етек алуы.

Қазақстан Үкіметі республикамызда ақбөкенді жойылып кетуден сақтау үшін бірқатар шараларды жүзеге асыруда. Бұл мәселеде өзгерісті жыл – 2001 жыл болды; сол жылы республикалық бюджеттен ақбөкенді қорғау мен санақ жұмысына тұңғыш рет 14,0 млн. теңге бөлінді. Одан кейінгі жылдары да қаржы көлемі өсіп отырды және 2005-2007 жылдары жылсайын 200,0 млн. теңге (шамамен 1,7 млн. доллар) бөлінді.

Зоология институты мен ҚР АШ-ғы министрлігінің орман және аңшылық шаруашылығы комитеті «2005–2007 жылдары саны азайған және жойылып кету қаупі бар жабайы тұяқты жануарлар мен ақбөкенді сақтау программасын» жасады. Бұл программаны облыстар әкіматтарымен келіскеннен кейін Республика Үкіметі 2005 ж. наурызында қаулы алды. Сол жылы осы қаулыда көрсетілген шараларды жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен 182,5 млн. теңге, 2006 ж. – 205,0 млн. теңге, ал 2007 ж. – 200,0 млн. теңгеден аса (шамамен 1 млн. 670 мың АҚШ доллары) қаржы бөлінді.

Ақбөкендерді заңсыз аулағандар үшін жауапкершілік шараларын күшейту үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне және әкімшілік правоны бұзушылар Кодексіне өзгерістер мен қосымшалар енгізілді. Атап айтқанда, аңшылық жасауға мүлдем тиым салынған жануарлардың өнімдерін алғандарға немесе олардың өнімдерін сатып өткізушілер тиісті жазаларға тартылатын болады. Бұл жағдай браконьерлердің жауапкершіліктен құтылып кетуіне мүмкіндік бермейді. Олар браконьерлік өнімдерді басқа белгісіз біреулерден сатып алдық деседе, олардың сөзі заңсыз болып табылады.

Комитеттің 2005 жылғы 22 қыркүйегіндегі Бұйрығы бойынша, Қазақстан Республикасының барлық территориясында ақбөкендерді атуға тиым салынған, сондай-ақ олардың өнімдерін жинауға, дайындауға, олардың мүйіздерін басқа біреуден алуға немесе сатуға 2011 жылға дейін болмайды. Тек ғылыми зерттеу мақсатымен ғана пайдалануға болады. Бұл бұйрық белгілі тәртіппен ҚР заң министрлігінде тіркелген.

Программа бойынша тиімді қорғау шараларын пайдаланып, ақбөкеннің санын жылына 10%-ке өсіре отырып, оның қорын кәсіптік жолмен аулау дәрежесіне жеткізу. Олардың мекендейтін жерлері анықталды; оларға әсер ететін факторларды (браконьерлік, қасқырлар) жоюға шаралар қолдануда. Ақбөкендердің барлық таралу аймағында тәжірибелі аңшылардан бригадалар құрылып, олар 2005-2007 ж. 5 мыңдай қасқырларды аулады. Ақбөкендерді республикалық мемлекеттік қазыналық предприятие (РГКП) «ПО «Охотзоопром» олардың қоныстарында қорғауды жүзеге

асырады. Оның 83 инспекторлардан тұратын 9 мобильный группасы вахталық әдіспен жұмыс істейді. Олар 43 кезкелген жолмен жүре алатын жақсы автокөлікпен, 4 спорттық мотоциклмен жабдықталған. Сондай-ақ жануарларды қорғауға облыстық орман және аңшылық шаруашылығының территориялық Басқармаларының мемлекеттік инспекторлары және құқық қорғау органдарының қызметкерлері де қатысады. Қорғауға жұмылдырылған группалар мылтықтармен, жердің жасанды серігі арқылы хабарласатын телефондармен, видео – және фотокамералармен, мобильный радиостанциялармен жабдықталған. Қазірде РГКП «ПО «Охотзоопром» сатып алған «Ми-2» вертолеті (тік ұшқыш) ақбөкендерді қорғауға пайдаланады.



Ақбөкеннің үстірт популяциясына санақ жүргізу кезінде «Охотзоопром» инспекторлары Бозой поселкасы маңындағы далалық аэродромда. 2008 ж. көктемі. Сурет Д.Головцовтікі

2005-2007 жылдары облыстық территориялық басқармаларының мемлекеттік инспекторлары, РГКП «ПО «Охотзоопром» қызметкерлері, құқық қорғау органдары және қоғамдық табиғат қорғау ұйымдары 210 ақбөкенді заңсыз атқан 34 браконьерлік фактіні анықтады. Осы аталған фактілер бойынша материалдар процессуальды шешімдер қабылдау үшін құқық қорғау органдарына тапсырылды. Олардың кейбіреулері келтірілген шығынды өтеу арқылы табиғатты қорғау заңдарына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Ақбөкенді қорғауды насихаттау мақсатымен, Программаны орындау барысында, социальды роликтер жасалды. Бұл видеоматериалдар республикалық телеканалдар: «Қазақстан», «Хабар», «Ел-Арна» және «31 канал» арқылы берілді. Сондай-ақ ақбөкендер санының өсуіне байланысты браконьерліктің өсуі мүмкін екенін айта кету керек. Осыған байланысты жергілікті халықты республикалық және региональдық жалпы информациялық құралдар (СМИ) арқылы түрді қорғау мен қалпына келтіруде мемлекет қандай шараларды қолданып жатқандағы туралы

мәліметтермен таныстырып отырады. Браконьерлікпен айналысудың жөнсіз екендігін түсіндіреді. Прессада мәлімделген ақбөкенге браконьерлық фактілері заңды бұзған қылмыскерлерге жергілікті тұрғындардың жағымсыз көзқарастарын тудырады және оларға барабар жауапты шаралар қолдануға қоғамдық бақылау орнатуға мүмкіндік береді.

Халықаралық проект саласында қазақ және орыс тілдерінде көп тиражбен мектеп оқушыларына арналған «Қазақстан даласының ғажайыбы» атты қосымша оқу құралы шығарылды (қара. Saiga News, № 4). 2005 ж. «Казахстанская правда» газетінде «Ақбөкенді сақтайық» рубрикасымен бұл аңды қорғау мен қалпына келтіру мәселелеріне арналған бірнеше мақалалар жарияланды.

«ПО «Охотзоопром» және қазақстандық қайрымдылық «Seimarg Social Fund» фондысымен бірлесіп «Мәңгілік көшпелілер ізімен» атты ақбөкен туралы фильмді және халықаралық және отандық табиғат қорғау ұйымдарымен бірлесе отырып «Ақбөкен қикиясы» атты мультфильмдерді қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарыққа шығарды.

ҚР-сы ауыл шаруашылығы министрлігінің ортамерзімдік жоспарын орындау барысында және Программаға сәйкес 2007 жылдың 27-29 шілдесінде Комитет «ПО «Охотзоопром» бірлесе отырып, телекомпания «Қазақстан», «Хабар» және «Астана» студиялар журналистері мен операторларын тобын ақбөкеннің бетпақдала популяциясының мекендейтін қоныстарына сапарға шығарды. Журналистер «АН-2» самолетімен Қостанай, Ақтөбе және Қарағанды облыстарының шектесетін жерінде аңның қоныстанған мекендерімен танысты; телеоператорлар самолеттен ақбөкенді суретке түсірді және комитеттің, Ақтөбе облыстық орман және аңшылық шаруашылығы территориясы басқармасының жауапты қызметкерлері мен «Охотзоопром» инспекторларынан интервью алды. Бұл сапардың нәтижесінде теледидар үшін хабарлар даярланды.

Ақбөкенді сақтау шараларына мемлекеттік емес ұйымдарды тарту жұмыстары да жүргізілуде. «SOS Сайга» проектiсi есебiнде «Seimarg Social Fund» фондысының ақысыз көмегi арқасында «ПО «Охотзоопром» ақбөкенді қорғайтын инспекторлары үшін 4 вахталық автокөлік «КамАЗ», 10 «УАЗ» автокөлігі, радиостанция, спутниктік телефондар, GPS приборы, түнгі көру құралдары және тағы басқалар сатып алды. Ақбөкенді сақтау шараларына «Ақ бөкен» қоғамдық фондысыда қатысады.

Комитет кеден және шекаралық ұйымдарымен елден контрабандық жолмен ақбөкен мүйіздерін заңсыз алып кетуге тырыскандардың жолын кесу үшін байланысты күшейту жұмыстарын да жүргізіп келеді.

Бұл баяндалған бірлесу шаралары өз жемісін береді. Оны мемлекеттік қаржы есебінде тұрақты жүргізіліп отыратын мониторинг нәтижесі көрсетіп отыр. Комитеттің бұйрығымен (№ 82, 9 сәуір 2003 ж.) бекіген «Қазақстанда ақбөкенге авиасанақ жүргізу методикалық әдістемесіне» сәйкес ақбөкенге санақ үш популяцияның (бетпақдала, үстірт, орал) барлығында жүргізіледі. Санақ жұмыстарына Зоология институтынаң, «ПО «Охотзоопром», қызметкерлерімен бірге облыстық орман және аңшылық шаруашылығының (Қарағанды, Қостанай, Жамбыл, Қызылорда, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Атырау обл.) территориялық басқармаларының қызметкерлері қатысады. Комитет санақ жұмысын бақылау үшін орталық аппарат қызметкерлерін жіберіп отырады.

2003-2007 ж. ақбөкеннің саны, РГКП «ПО «Охотзоопром» және Зоология институттарының мәліметі бойынша, төмендегі кестеде көрсетілген.

#### Кесте. Популяция бойынша 2003-2007 жылдардағы ақбөкен саны (мың особь есебімен)

Популяция аттары	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.
Бетпақдала	1,8	6,9	9,9	18,6	22,8
Үстірт	12,8	15,0	19,6	17,8	16,4
Орал	6,5	8,8	10,1	12,9	15,6
Барлығы	21,2	30,7	39,6	49,3	54,8

Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің іске асырған шараларының нәтижесінде, соңғы 4 жылда ақбөкен санының тұрақты өсуі байқалады: 2007 жылы ол 54,0 мың нан аса болды.

Санақ бойынша, үстірт популяциясының саны 2006 жылмен салыстырғанда 1,4 мың басқа кемігені (-7,7%) байқалады. Қазақстанда Үстіртте ақбөкенлер, негізінен, Қазақстаннан тыс Қарақалпақияға (Өзбекстан) қоныс аударады; нәтижесінде бүкіл жыл бойы қорғаумен қамтамасыз етілмеген. Мұндай жағдай ақбөкенді сақтау үшін халықаралық байланысты күшейту керектігін көрсетеді.

2004 жылы Комитет пен жабайы табиғаттың дүниежүзілік қоры (WWF) ақбөкенді қорғау мәселесін талқылап, бұл мәселеде өзара қатынасты дамыту керектігін сөз етті. Өзара қимыл жасау келісіміне қол қойылды. Қазақстанда ақбөкендерді сақтауға жауапты мемлекеттік орган ретінде 2006 ж. қыркүйекте Алматы қаласында Комитет қоныс аударатын түрлер конвенциясының (CMS) секретариатымен бірлесіп ақбөкенді сақтау жөніндегі өзара түсінісу меморандумына қол қойған елдердің халықаралық мәжілісін өткізді. Оған ақбөкен мекендейтін елдердің (Ресей, Өзбекстан, Түркменстан, Қытай, Моңғолия, Қазақстан) өкілдері және кейбір халықаралық табиғат қорғау ұйымдарының өкілдері қатысты. Бұл мәжілісте Меморандумға Қазақстан қол қойды.

Бұл Меморандумға мынадай тиімді орындалуы үшін Қазақстан, Ресей, Өзбекстан және Түркменстан арасында екі жақты келісім қажет. 2007 ж. мамыр айында Қазақстан Үкіметі атынан ҚР-ның ауыл шаруашылығы Министрлігі осындай келісімге Түркменстан Үкіметімен қол қойылды. Әсіресе, Өзбекстанға қоныс аударатын үстірт популяциясы үлкен проблема тудыруда; өйткені мұнда ақбөкенді қорғау мен санақ жұмысын жүргізуде бірлескен шаралар қолдануды керек етіп атыр. Осыған байланысты Комитет екіжақты Үкіметаралық ақбөкеннің үстірт популяциясын сақтау жөніндегі келісімнің проектiсiн дайындады; сондай келісім жобасы Орал популяциясы туралы Қазақстан мен Ресей арасында да дайындалды. Бұл документтер белгілі тәртіппен Ресей Федерациясы мен Өзбекстанға жіберілді. Аталған келісімге қол қою 2008 ж. жүзеге асуға тиіс.



Бетпақдаладағы ақбөкен құралайы. 2008 ж. көктемі  
Сурет Өркен Шаймұханбетовтікі

Келісім жобасында мынадай мәселелер көтерілген:

- ақбөкенді қорғау мен оның мекендейтін қоныстары жөнінде кезек күттірмейтін шараларды белгілеп жүзеге асыру;



- санақ жүргізу, популяциялардың жайы туралы мониторинг ұйымдастыру, өніп-өсуін бақылау;
- ақбөкендерді қорғау, пайдалану және олардың өнімдерімен сауда жасау жөніндегі қолданатын заңдар мен нормативті актілерді келісу;
- ақбөкендерді қорғау мен пайдалану мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу, барлық мүдделі ұйымдар мен жеке мамандардың қатысуымен бірлескен мәжілістер өткізу.

Сонымен бірге, аңдардың қоныс аудару жолдарында оларды қорғаудың тиімділігін арттыру үшін Комитет Ақтөбе, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстары территорияларында ерекше қорғалатын табиғи территориялар жүйесін ұлғайту жоспарын жасады. Ақтөбе облысында ақбөкендерді сақтау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен (№ 109, 14.02.2007 ж.) жер көлемі 763549 га заңды қорғасы бар Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты ұйымдастырылды. Оның штатында 66 инспекторлар жұмыс істейді.

Ақбөкенді сақтау мен далалық биоценоздар жөніндегі барлық ұйымдардың әрекеттерін жалпы біріктіру мақсатымен Комитет пен Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау ассоциациясы (АСБК) Франкфурт зоологиялық қоғамымен (FZS), құстарды қорғаудың Корольдік қоғамымен (RSPB) және WWF-пен бірлесе отырып кеңкөлемді «Алтын-Дала» инициативасын бастады (негізгі мақаланы қара). Кең көлемде ынталы үкіметтік, қоғамдық және халықаралық ұйымдарды тарту, ақбөкеннің бетпақдала популяциясы мекендейтін жерлерде ерекше қорғалатын әртүрлі дәрежедегі табиғи территориялар ұйымдастыру, экологиялық коридорлар бөлу, оларды тиімді сақтау системасын ұйымдастыру, жергілікті тұрғындармен жұмыс істеу және т.б. істер атқару жоспарланып отыр.

Сондай-ақ «Алтын-Дала» инициативасы шеңберінде, 2007 ж. 26-28 сәуірде АСБК Қарағанды облысында (Жезказған қ.) қолданып жүрген ақбөкенді санау әдістемесін (әдісін) бағалау үшін далалық семинар өткізді. Семинар жұмысына FZS эксперттері д-р М. Нортон-Гриффитс (M. Norton-Griffiths) және А.Дж. МакКонвил (A.J. McConville), комитет төрағасының орынбасары Х.Ш. Мұсабаев, «Охотзоопром», Институт зоологияның, АСБК, комитеттің облыстық территориялық басқармаларының өкілдері қатысты. Мәжілістің жұмысы нәтижесінде Қазақстанда ақбөкеннің саны жөнінде толығырақ дәл мәліметтер алу үшін қолданып жүрген санақ методикасын жетілдіру жөнінде рекомендация қабылданды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен (№ 914, 8 қазан 2007 ж.) «2010 жылға дейін су ресурстарын, жануарлар дүниесін сақтау мен тиімді пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи территориялар жүйесін дамыту программасы» бекітілді. Онда ақбөкенді қорғау, оның өніп-өсу саласындағы жұмыстарын одан әрі жалғастыру керектігі де сөз болды. Бұл программада Қостанай облысының оңтүстігінде жаңа қорғалатын территория – мемлекеттік табиғи резерват «Алтын-Даланы» (жер көлемі – 489,0 мың га) ұйымдастыруда көзделген.

Сонымен, Қазақстан үкіметі (комитет арқылы) ақбөкенді сақтау, қалпына келтіру, мониторинг жұмыстарына үлкен көлемде қаржы бөліп, санын молайтуға айтарлықтай күш салады. Қазақстандық және халықаралық ұйымдарды бұл жұмысқа жұмылдыру өз нәтижесін беруде; ақбөкен саны тұрақталып, өсіп келеді. Комитет және оның Қазақстандық серіктері, сонымен бірге АСБК, бұл түрді сақтауға мүдделі барлық ұйымдармен және жеке адамдармен бірлесіп жұмыс істеуге дайын.

## Ақбөкен питомнигі – экологиялық білімнің орталығы

Федосов Виктор

Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар орталығы [kalmsaiga@elista.ru](mailto:kalmsaiga@elista.ru)

Ақбөкенге құлазыған далада орын жоқ. Жусанның ащы иісі, торғайлардың салған әні, сарышұнақтардың шиқылдауы, аспанда қалықтаған дала бүркіті, ақбөкен тобы, ұяда екі ақбас тырна балапаны ... Мұндай дала көрінісін мойындамасқа болмайды. Дала биоценозында бәрі бір-бірімен байланысты, артық ешнәрсе жоқ. Сондықтанда «Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығының» көп жылдан бергі жұмыстарын ірі шөпқоректілер фондысы (LNF) қаржыландырса, ал 2008 жылдан Руффорда (Rufford Small Grants Foundatuion) фондысы қаржыландырып келеді. Орталық тек ақбөкенді сақтау жұмысымен ғана айналысып қана қоймайды. Сондай-ақ барлық тіршіліктің әртүрлілігін, әсіресе, қайталанбас дала ландшафтысын сақтаудың маңызы одан да зор. Бұл міндетті Орталық экологиялық білім беру программасын орындау арқылы шешеді. Бұл үшін Яшкөл

питомнигіне тұрақты автокөлікпен экскурсиялар ұйымдастырып тұрады.

Ақбөкен питомнигі – қаладан және тас жолдан алыс орналасқанына қарамастан, жергілікті тұрғындар арасында үлкен сенімге ие. Бір жылда оны 120 адам көрді. Қонақтар арасында мектеп оқушылары, өнеркәсіптер мен ұйымдардың қызметкерлері, ғалымдар болды. Әсіресе, келгендер үшін қызықтысы ақбөкен тобын көру болды. Жануарларды шошытпас үшін оларды бақылау арнаулы жабдықталған шықпадан жүзеге асырылады. Бұл шара антилопаға осындай бақылау олардың дағдырын сақтап қалу жөнінде адамдар арасында жауапкершілік сезімін тудырады. Білмейтінді және белгісіздерді сүю және сақтау мүмкін емес. Питомникке барғандарға экскурсовод қызықты әңгімелер айтып береді. Келушілер үшін «Мен туралы бәрін білесің бе?», «Ақбөкенді



Яшкөл питомнигіне мектеп оқушыларының экскурсиясы.

Сурет Юрий Арыловтікі





сақтау – біздің тірі мұрамыз» сияқты буклеттер мен кітапшаларды бастырып шығарған.

Экотуризм экспозицияларды кеңейтуді қажет етеді. Сондықтанда Яшкөл питомнигі жануарлардың жана түрлерімен толығуда. Екі жыл бұрын Орталыққа үш жабайы шошканың торайы тапсырылған. Олар өсті, көктемде шошқа семьясында жаңа торай дүниеге келуге тиіс. Буаз шошқаға жеке вольера (тор) дайындалып жатыр. Буйволда (енеке) төлдеуге тиіс. Өткен жылы питомникте бота туды. Бүгінде жазық болады төрт түйе еркін жайылуда. Алғашқы кезде бұл түйелер өздері өскен фермаға кеткісі келген, бірақ малшылардың жақсы күтімі арқасында азығы мол жаңа қоныста қалып қойды. Бұл хайуанаттар түнде көбіне далада түнеп қалады; онша алысқа ұзап кетпейді және қыртқыштардан да жақсы қорғанады.

## Өзбекстанның Арал теңізінің шығыс жағалауындағы ақбөкеннің жергілікті популяциясын сақтау мәселесі

Қосбергенов Мақсет

Өзбекстанның Госкомприродасының арнаулы Амудария инспекциясы, [epromakset@mail.ru](mailto:epromakset@mail.ru)

Биылғы жылы қыстың сондай суық болуына байланысты (-35°C дейін) браконьерлердің ақбөкендерде аңшылық жасауға мүмкіндігі болмады. Бұрын браконьерлер көктемде ақбөкен төлдейтін кезде оларды атпайтын, тек оны браконьерлік жолмен аулау күзде олар семірген уақытта басталатын. Ал, қазірде ақбөкендерді аулау кезкелген уақытта, олардың көбею кезеңін қоса, оның етіне бағаның өсуіне байланысты жүзеге асады. Бұл уақытта ақбөкендер шағын территорияларды топталады да, браконьерлердің аңшылық жасауына қолайлы жағдай туады. Браконьерлер олардың етін тұздап дайындаумен қатар төлдерінде ұстайды. Бай адамдар шекараның екі жағында да ақбөкеннің екі лағын 200 доллардан сатып алады; ал оған сұраныс жылдан-жылға өсуде.

Ақбөкеннің шағын тобы (2004 ж. – 1000 бас) Өзбекстанның Мойнақ және Тахтакөпір аудандарында Қазақстанның Қызылорда облысының шекарасына дейін сексеуіл өскен құмдарда мекендейді. Көрсетілген аудандарда адамдар аз қоныстанған, мұнай-газ өндірілмейді, елді мекендерден алыс.

Арал теңізінің шығыс жағалауында ақбөкеннің пайда болуы жөнінде әртүрлі пікірлер бар. Бірінші жорамал – бұл қызылордалық ақбөкендер. Бұл пікірдің онша шындыққа сәйкес келмейтіні – жиі қоныстанған Қызылорда облысының территориясын қалай кешіп өтеді. Екінші жорамал – ақбөкендер қыста мұз қатқан кезде Возрождения аралынан өткен дейді. Бұл мүмкін, бірақ қосымша зерттеуді керек етеді. Шындыққа жақын үшінші жорамал – ақбөкендер мұнда Үстірт қыратынан келген. Бұл аңдардың суық қатты желдерді сүймейтіндігі белгілі, тіпті қалын түскен қарда бұларды сондай қумайды. Біздің көп жылғы мәліметтеріміз суық қатты желдерден ақбөкендер кезкелген паналайтын жер болса сонда тығылатындығын көрсетті. Тіпті бетонды құдықтар мен газ трубалар төңірегінде жасырынады (осындай жерлерден біз көптеген ақбөкендер іздерін, өлімтіктерін кездестірдік).

## Еуропа ақбөкені популяциясындағы альбинизм туралы

Манджиев Х. Б., Моисейкина Л. Г.

Қалмақтың мемлекеттік университеті, [kalmisaiga@elista.ru](mailto:kalmisaiga@elista.ru)

Ақбөкен үшін, көптеген басқада жануарлардағы сияқты, альбинизм құбылысы сипатталған. Альбинизмнің себебі – организмде пигменттер – меланиндердің (грекше “melanos” – қара) тізілмегендігі. Меланиндер күн сәулелерінің біраз бөлігін сіңіруге қабілетті,

Қазірде питомникте құстар үшін үлкен кең көлемді вольера салынып жатыр. Үш түйекүс сатылып алынды. «Жабайы жануарлар Орталығы» келешекте құстардың басқа түрлерінде өсіруді қолға алмақшы. Жараланған және ауру жануарларды емдеу үшін жабдықталған госпиталь ашпақшы.

Сонымен, ақбөкен питомнигі экологиялық үгіт-насихат жүргізу және мал және құс шаруашылықтары үшін дәстүрлі емес түрлерін өсіруді насихаттау орталығы болмақ. Бұл салаларды дамыту жергілікті халықтың тұрмыс дәрежесін көтеруге мүмкіндік береді. Сол арқылы браконьерлікті қысқартуға мүмкіндік туады. Жабайы жануарлар қолда өсіргенде жақсы көбейеді деп ойлаймыз, сөйтіп оларды, табиғи ортаға жіберуге болады.

Сексеуіл өскен жерлер ақбөкендерге желден жасырынуға жақсы қоныстар болып табылады әрі онан азық қорларында таба алады. Арал теңізінің шығыс жағалауындағы құмды төбелер ақбөкендердің негізгі қоныстары болмағанмен, осында бұл аңның шағын тобы сақталып, біраз жылдардан бері өніп-өсіп келеді. Бұл жерде қанша ақбөкен бар екенін білу үшін санақ жұмысын жүргізу қажет. Бұл жерде ақбөкендер қалай сақталып қалған? Оның негізгі себептері – тұщы судың болуы (Көкдарья салалары), елді мекендерден алыс болуы (жақын қыстақ осы жерден 150-200 км), қыста паналайтын жерлердің болуы және жолсыз участкелер.

Бұл ауданда ақбөкенге аңшылық жасаудың ерекшелігі сол – мұнда атқыштар, атып алған аңдарды және лақтарды жинаушылар жеке-жеке автокөліктермен келеді, сондықтанда олардың арасындағы қылмыстық байланыстарын дәлелдеу оңайға соқпайды. Ақбөкендерге және олардың төлдеріне аңшылық жасау үшін қылмыстық, заңсыз браконьерлік структураң пайда болғанын және олардың дамып келе жатқанын сенімді айтуға болады. 2008 жылдың мамыр айында САИ инспекторлары (арнаулы Амудария инспекциясы, жоғарыда қара) екі рет рейдке шыққанда Тахтакөпір ауданында ақбөкен төлдейтін мекендерден мылтықтармен қаруланған екі автокөліктері бар 7 адамды ұстап, штраф салған. Бірақ бізге олардың ақбөкенге браконьерлік жасағанын дәлелдеу қиын болды; өйткені атып алған ақбөкендер мен олардың лақтарын тиіп алған және мобильный рациямен жабдықталған үш автокөліктер қашып, тез-ақ Қазақстан территориясына еніп те кеткен. Бұл қоныстарды жақсы білетін және Қазақстанмен тұыстық байланыстары бар браконьерлер қуғыннан кейін тез шекарадан өтіп кетеді және одан кейінде қайтып оралады. Соған қарамастан, браконьерлермен аяусыз күрес жүргізу жарияланды, ал заң ақбөкенді қорғаушылар жағында.

организм терісін артық күн радиациясынан қорғайтын фильтрлер ролін атқарады, оның ішінде ультрафиолетті сәулелерден де. Меланин көру және есту органдарының жақсы жұмыс істеуі үшін қажет.

Альбинос – жануарлардың ерекше келбеті – әртүрлі халықтарда біраз мифтер мен аңыздар тудырды. Ертеректе қалмақтар ақбөкеннің альбинизм бейнесін «Дала иесі» деп сенді немесе «Ақ шал» санады. Егерде осындай ақбөкенді өлтірсең өзіне пәлені шақырасың деп есептейді. Бірақ мұндай аңыздар шындыққа жақын деп есептесек, онда әңгіме ақтүсті жануар туралы немесе аздап альбиностар туралы болғаны ғой. Толық альбиностардың көп жағдайда тіршілік ету қабілеті төмен және эволюция барысында бракка шығарылады, сондықтан да оның барлығының ішінде кейбіреуі ғана тірі калып, өсім беруі мүмкін.



Х.Маджиев қолында «кәдімгі» және альбинос лақтар.  
Сурет Юрий Арьловтікі

Жасыратын түстен айырылған және өз серіктерінің арасында ерекше бөлінетін альбинос – жануарларды жыртқыштар тезірек байқайды. Сондай-ақ күйге түсу кезінде сыртқы түсі маңызды роль атқарады. «Өңі түскен» альбинос – еркектері қарқынды түспен боялған еркектеріне қарағанда аз ғана ұрғашыларына ие болуы мүмкін.

Әдебиет мәліметі бойынша, альбиностар ересек күйге дейін жете бермейді. 1976 жылы аулау кезінде қалмақ популяциясында бір-ақ қана 1,5 жастағы ұрғашы – альбинос кездескен (И. А. Погодин, ауызша мәлімет). Мүмкін, ақбөкендегі мұндай мутация олардың өмір сүру қабілетіне едәуір әсер етеді. Сондай-ақ өліп қалған альбинос – лақтары да кездескен. Туған лақтарының салмағы төмен болған (еркегінікі - 2,25 кг, ұрғашыларнікі – 1,7 кг орташа қатынасы 3,38 және 3,17 соған сәйкес). Мұндай салмақтағы лақтарының мүмкіндік элиминациясы 0,8 ғана болады.

2007 ж. мамыр айында бізге альбинос – лағы кездесті. Бізден 700 метрдей жерде ақ лақ көзге шалынды, одан жан-жаққа қарай ересек аналықтар қаша жөнелді. Жақындап келсек, шөптің арасына жасырынған кіндігінің солуына сәйкес туғанына 2-3 күн ғана болған ұрғашы-альбиносты көрдік. Лақтың салмағы – 2,4 кг, ұзындығы – 55 см, ал осындай жастағы сау ұрғашы лақтың аталған көрсеткіштері – 3,46 кг және 61,14 см болады. Бұл жағдайда біз көрген төл нағыз ұрғашы – альбинос болып табылады. Жас ұрғашы төл көзінің сыртқы мөлтір қабығында пигмент болмағандықтан көзі қып-қызыл болып көрінді. Тұяғы да қызғылт түсті; ал кәдімгі лақтарында оның түсі-қара. Құйымшақ бөлімінде қоңыр жол дақ болмады (суретті қара).

Сондай тағы да бір альбинос-лақты байқадық, оның жасы мен жынысын анықтауға мүмкіндік болмады.

Жалпы, ақбөкендердің төлдеу кезінде альбиностардың кездесу жиілігі шамамен 1:5000-10000 (Проняев, Рожков, 1988). Бірақ біздің жағдайда альбиностардың кездесу жиілігі жоғары болды; 2 альбинослақ 8 мың бақылаған лақтардан кездесті. Ересек ақбөкендер арасында бірде-бір альбиносты көргеніміз жок. Ақбөкендер санының кемуне байланысты, әсіресе, аналықтарына қарағанда еркектерінің азаюына (еркектері мүйіздерінің құрбаны болды) сәйкес туыс жануарлар бір-бірімен будандасуы мүмкін. Біз альбинос-ақбөкендердің пайда болуын осы фактордың әсер етуінен деп болжаймыз.

## Проектілерге шолу

### Моңғолияда ақбөкенді сақтаудың WWF проектісі

Ақбөкен жөніндегі WWF-Моңғолия ірі жаңа проектісі (MAVA қаржыландырады) 2007 жылдың қазан айында басталды. Ол әлден-ақ біраз жетістікке жетті: мониторинг жүргізу мақсатымен инспекторлар мен жергілікті тұрғындарды оқытты; аңшылық ережесі заңдылығына қосымшалар енгізуді дайындауға Үкіметті тартты. Қосымшада жұртшылықты тарту программасы енгізілді, оның ішінде жергілікті мектептерде

алты эко-клуб ашу белгіленген. Негізгі өзгеріс-заңдылық базасына өзгеріс енгізу болды, бұл өз жемісін берді; браконьерлер мен күресу командасы аналық ақбөкенді және үш құланды ұстаған браконьерлерді 2007 жылдың қараша айында ұстаған, сондай-ақ 2008 ж. наурызында бір барысты атқан браконьер қолға түскен. Бұл жағдайларды заң қорғау органдары тексеруде.



Малшылар қауымы социальдық сұрақтарды талдауға қатысуда. Сурет Б. Чимеддоржанікі



Балалар эко-клубы – білім беру программасының бір бөлігі. Сурет Б. Чимеддоржанікі



Рейнджерлер командасы. Сурет Б. Чимеддоржанікі

2007 ж. қазан айында 2006 ж. атып алған 54 ақбөкенмен қолға түскен браконьерлердің ісі сотта қайта қаралуда. WWF-Моңғолия алғашқы істерді дұрыс қарамай, бұрмалаған жергілікті соттарға қарсы табысты істер бастады. Өздерінің заңсыз мінез-құлықтары үшін ондай соттар жұмыстан шығарылды. 2008 ж. қаңтарында жүргізілген санақ жұмысының нәтижесі 13 000 км<sup>2</sup> көлемдегі аумақтарда в 3 240 ақбөкен бар екенін көрсетті. 2007 жылмен салыстырғанда аңның саны 11,8%-ке өскендігін байқатты. Келтірілген мәліметтер тек проектінің негізгі кезеңін ғана қамтиды, ал WWF-Моңғолия проектісінің қызметі туралы толық отчет SCA вебсайтында.

Толық мәліметті алу үшін Б. Чимеддоржуға хабарласу керек, [chimeddori@wwf.mn](mailto:chimeddori@wwf.mn).

## "Степной" қорықшасы жұмысындағы жаңа бағыт



Табиғаттағы кез-келген түрді сақтау, оның ішінде көп уақыттан бері ауланып келген ақбөкенді сақтау шараларына жергілікті тұрғындарды қатыстырмай мүмкін емес. Солтүстік-Батыс Прикаспийде ақбөкен үшін маңызды территория Астрахань облысындағы «Степной» қорықшасы. Қорықшаның қызметкерлері бүкіл жыл бойы, тәулік бойы өз территориясын қорғау, ақбөкенге мониторинг жүргізу жұмысында; ғылыми зерттеулерге қатысады. Соңғы жылдары олар тек ақбөкенді қорғау жұмысында ғана емес (қорықша территориясында бірде-бір браконьерлік байқалған жоқ), сонымен бірге бұл ауданның биологиялық әртүрлілігін сақтауда да үлкен табыстарға жетті. Қорықша территориясында мұндай тұрақты қорғау жұмысы тек аудан және облыс басшыларының қолдауымен қатар біздің демеушілеріміз - PTES, IFAW, LHF – терге де байланысты.

Соңғы жылдары қорықша қызметкерлері өздерінің жұмыстарын кеңейтуге шешім қабылдады; өздерінің қорғалатын территориясынан тыс жерге шығуға бел байлады. Ақбөкенді сақтау Альянсынан алған кіші грант есебінен қорықша территориясында экологиялық сүрлеу жол жабдықталды. Сол арқылы келушілер (мектеп оқушылары, студенттер, облыс басшылары, Ресейдің әртүрлі мекемелерінің және шет елдер ғалымдары) Солтүстік-Батыс Прикаспий территориясындағы шағын «Ғыныштық аралының» табиғатымен танысып, ондағы жануарлар мен өсімдіктер


жөнінен мәліметтер алады. Сол арқылы әрбір адам туған өлкенің табиғатын сақтау үшін не істеу керектігін ұғынады. Қорықша территориясында келушілердің демалатын, әңгімелесетін орындары бар. Ақбөкендер су ішетін құдықтар тазартылған, жыртқыш құстар үшін қолдан ұялар жасалған. Экологиялық білім беру және насихаттау жұмыстары келешекте жетілдіріп, дами беретін болады.

Қосымша мәліметтерді алу үшін А.В.Хлудневпен хабару қажет, [limstepnoi@mail.ru](mailto:limstepnoi@mail.ru).



«Степной» қорықшасындағы экологиялық жолдар схемасы. Сурет А. Хлудневтікі

## Лондон Империял Колледжасы проектілеріндегі жаңалықтар



Біздің «Дарвин Инициативасының» шағын проектісі: «Ақбөкенді сақтау процесіне жұртшылықты тарту мүмкіндігін бағалау» Қалмақияда 2007 ж. желтоқсан айында жұмысын аяқтады. Бұл проект қоғамның ақбөкенді сақтауға қатысы бар әртүрлі бөлімдерімен (мектептер, будда храмдары, білім берудің экологиялық орталықтары, басшылықтың жергілікті органдары, мамандар) арасында байланысты нығайту жұмысымен айналысты. Сонымен бірге, адамдардың ақбөкенге қатысын анықтауда біздің табиғат қорғау шараларының тиімділігін бағалау болды. Егерде бұл проектінің нәтижесі туралы толық мәлімет алғыңыз келсе, бізбен электрондық почта арқылы хабарласыңыз.

Бүкіл 2008 жыл бойы біз Қалмақия мемлекеттік университетімен бірлесе BRIDGE британия советінің программасы бойынша жұмыс істейміз. Проектінің мақсаты «Жергілікті тұрғындардың қатысуымен ақбөкен экологиясының мониторингі» тақырыбында Ұлыбритания және Ресей университеттер арасында байланысты қалыптастыру.

Әрбір университеттен екіден студенттер бірігіп, проекті бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бір проект жергілікті тұрғындардың күшімен ақбөкенге мониторинг (бақылау) жүргізу мүмкіндігін зерттеу. Ал басқа проект ақбөкенге көп жылдық мониторинг жүргізуді жақсартуға бағытталған. Бұл проектінің нәтижесі ғылым мен табиғат қорғау проблемалары үшін үлкен мағналы болуы үшін «Черные Земли» биосфералық қорығында және «Степной» қорықшасында жүзеге асады.

Қазақстанның Зоология институты және басқада серіктермен бірлесе отырып, біз жаңа «Ландшафттар типіне байланысты ақбөкеннің көпжылдық таралу ерекшеліктері» проектісін бастамақпыз (2008 ж. қыркүйек айынан). Бұл проектіні Лондонның Leverhulme Trust және Корольдік қоғамы «Royal Society of London) қаржыландырады.

Қосымша мәлімет алу үшін Э.Дж. Милнер-Гулландпен хабарласу керек: [e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk).



## Мен туралы ертегі айтшы

Біраздан бері ақбөкенді сақтау Альянсының Өзбекстан командасы жабайы табиғатты қорғау ұйымының (WCN) қаржысымен Үстірттегі балаларды оқыту программасымен жұмыс істейді. Ақбөкенді сақтау программасына ақбөкенге көбірек браконьерлік жасайтын Жаслық пен Қарақалпакия қыстақтарының үш мектебінің мұғалімдері, балалар және олардың ата – аналары қатысады. Сондай-ақ біз Үстірттің шығыс қыратында орналасқан, баруға алыс жаңа поселка Құбыла-Үстірттегі мектеп оқушыларын қатыстыру арқылы программаны кеңейттік. Биылғы жылдың наурыз-сәуір айларында мектептерде ақбөкенге арналған спектаклдер көрсетілді. Оларды көрсетер алдында балалардың, педагогтардың және тіпті олардың ата-аналарының творчестволық жұмыстары көрсетілді. Балалар ақбөкенге арналған ертегілер, новеллалар, өлеңдер жазды. Олардың ішіндегі ең таңдаулыларын жюри мүшелері таңдап алды және оларды ақбөкен туралы спектаклдердің сценарияларын жазуға пайдаланды. Мектептер дайындаған қойылымдар бір-біріне



Жаслық поселкасындағы ақбөкен туралы қойылым (спектакль). Сурет А. Есуповтікі

ұқсамады. Барлық киімдер мен көркемдеу материалдарын өздері дайындады. Мәселен, Қарақалпакия поселкасындағы №56 мектептің балалары қуыршақ театрын қойды. Қоюға керекті қуыршақтан бастап басқа материалдарды дайындау ақбөкендер өмірінен алынып жасалған. Балалар ақбөкеннің тарихи тіршілігінен алынған ертегілерді онда өмір сүретін басқа жануарлар тіршілігімен, онда тұратын тұрғындардың өмірімен байланыстыра көрсетті. Қарақалпакия поселкасындағы №26 мектептің оқушылары браконьерлер қолынан ақбөкен лағын құтқарған батыл балалар туралы детективті сюжетті ойнады. Жаслық поселкасындағы №54 мектептің қойылымы музыкамен, бимен, өлеңдермен нағыз мейрамға айналды.

Балалар жазған тарихи әңгімелер мазмұны жағынан сондай тартымды, жергілікті дәстүрлер мен фольклорды жақсы



Қарақалпакия поселкасындағы қуыршақ театрының жаттығуы. Сурет А. Есуповтікі

білетіндігін байқатты. Бірақ олардың бәрі бірдей балалар қойған спектаклдерге еңбеген. Келесі жылы біз бұл жұмысты жалғастыруды жоспарлап отырмыз әрі педагогтармен бірлесіп, Өзбекстан балалары жазған ақбөкен туралы ертегілерге арналған кітап дайындауда ойымызда бар. Бұл ақбөкен және туған өлкенің табиғатына дұрыс көзқарастың қалыптасуына көмектеседі. Жас өспірімдерді творчестволық дамуына әсер етеді. Ересек адамдардың (ата-ана, аға-қарындас) ақбөкенге қатысын өзгертеді. Өйткені, ақбөкендер тек дәстүрлік аңшылық жасау объектісі ғана емес, сонымен бірге ұлттық игілік және жергілікті мәдениеттің бір бөлігі.

Қосымша мәліметті Е.Быкова мен А.Есупов береді: [esipov@sarkor.uz](mailto:esipov@sarkor.uz).



Құбыла-Үстірт поселкасында жеңімпаздарды марапаттау. Сурет А. Есуповтікі



## Дәстүрлі кесте тігу – Үстірттегі әйелдер үшін қосымша табыс көзі

2008 ж. сәуір айында ақбөкенді сақтау қоғамдық ұйым «Аралдың алтын мұрасымен» бірлесіп Үстірттегі әйелдерді (Өзбекстан) дәстүрлі қарақалпақ кестесін тігуге үйрету программасын бастады. Программаны жабайы табиғатты сақтау ұйымы (WCN) қаржыландырады. Оның мақсаты – ақбөкен қоныстарында жақын тұратын елді пункттердегі әйелдерге қосымша табыс табу арқылы ақбөкенді сақтауға көмектесу. Жасыратыны жоқ, семьядағы әйелдер өздерінің жанұясындағы стратегиялық и үйлесімдік жағдайларды анықтайды ғой. Жергілікті тұрғындар арасында үлкен сұранысқа ие - арзан ақбөкен еттерін сатып алатындарда солар. Өзбекстандағы күрделі экономикалық жағдайға байланысты

ондағы көптеген әйелдер тұрақты жұмыс істемейді. Сондықтан да біз оларға дәстүрлік тәсіл-қолдан кесте тоқуға үйренуді ұсындық. Соған үйреніп, қосымша табыс табуға болатынын айттық.

Көне дәуірден-ақ бұл регионда сондай уникальды дәстүрлі материалдық және рухани мәдениеттер күшті дамыған; мысалы, тұрмыстық заттар мен киім, кесте тігу. Қолдан жібек матадан кесте тігу – сондай дәстүрлі және табиғат пен адам өмірін кестеде әбден дәл көрсеткен. Тігіншілер кестелерінде жануарлар мен өсімдіктерді жақсы көрсетсе, жыл мерзімдерінде, адам тіршілігінде тамаша тырысқан. Кестелердегі түстерді де жақсы келтіруге ұмтылған.



Мұндай проекттіні жүзеге асыру онша күрделі құрал-жабдықтарды және көп қаржыны қажет етпейді; кез-келген өнерге жақын әйелдер мұндай жұмысты үйлерінде істеуге болады. Аталған проект мерзімі бір жыл және Жаслық поселкасында жүзеге асуға тиіс. Арнаулы үйде үйренуге тырысқан әйелдерді жинап, кесте тігу техникасы туралы сабақтар өткізіп, жергілікті басшыны сайлап, жұмысқа кірісуге шақырдық Алғашқы сапалы өнімде дайын болды. Келелекте кестеге күрделі элементтерді салуға үйрету жалғасады. Дайын болған кестелерді алғашқы тәжірибе есебінде сату өткізілді. Біз сондай-ақ ақбөкенді сақтау идеясын насихаттау үшін кестеге тігуге керекті ақбөкен бейнесін суреттеуді жоспарладық. Қосымша мәлімет алу үшін Е.Быковаға, [esipov@sarkor.uz](mailto:esipov@sarkor.uz) және Г.Ембергеноваға, [altynl@rol.uz](mailto:altynl@rol.uz) хабарлауға болады.



Жаслық поселкасында дәстүрлі кесте тігуге үйренудің алғашқы сабақтары. Сурет А. Есуповікі

## Өзбекстанда ақбөкен үшін табиғи қорғау территорияларды (ОПТ) бағалау жөніндегі жаңа проект басталды



Өзбекстанда «Ақбөкен» қорықшасы бар, бірақ ол жұмыс істемейді (тек «қағаз» бетінде ғана). Оның статусы қайта қаралып, мақсаттары анықталуы қажет. Бұл табиғи қорғау территорияны (ОПТ) жоспарлағанда биоәртүрлілікті сақтау әдістерін зерттеу қажет және регионның дамуы мен Үстірттегі биологиялық түрлерді ұзақмерзімді сақтау мәселелері еске алынуы керек. Сондай-ақ бұл жаңа проект жергілікті тұрғындардың тікелей қатысуымен жүзеге аспақшы.

«Ақбөкен» қорықшасы 1991 жылы (жер көлемі - 1 млн. га) ақбөкеннің қоныстарын қорғау мақсатында құрылған. Қорғалатын территорияның мұндай формасы жұмыс істемейді, өйткені штаты, инфраструктурасы, көліктері және т.б. жоқ. Қорықша маңында тұратын жергілікті тұрғындар ол туралы ештеңе білмейді. Сол себепті «Ақбөкен қорықшасын» қазіргі табиғи территорияны қорғаудың тиімді формасына сәйкес қайта құру керектігі күн тәртібінде тұрды. 2008 ж. сәуір айында ақбөкенді сақтау Альянсы, Өзбекстанның Зоология институты және Фауна мен Флора халықаралық ұйымы Disney Wildlife Foundation және WildInvest ұйымдарының қаржыландыруымен қорықшаны қайта ұйымдастыру проектісін дайындауға кірісті. Жобаны жасаушы команда бұл проектті «қағаз жүзінде қалатын қорғалатын табиғи территория» емес нағыз Өзбекстан мен көршілес елдер территорияларында ақбөкеннің Үстірт популяциясын тиімді қорғалатын территорияға айналуды тиіс.



Қорықшадағы бүлінген аңшылақ. Сурет А.Есуповікі

Ақбөкеннің төлдейтін қоныстарын, қоныс аудару жолдарын қорғаудағы үлкен қадам болмақ.

Қосымша хабар алу үшін А.Есуповке, Е.Быковиға, [esipov@sarkor.uz](mailto:esipov@sarkor.uz) және Р.Олкорыға, [Richard.Allcorn@fauna-flora.org](mailto:Richard.Allcorn@fauna-flora.org) хабарласуға болады.

## Жарияланған ғылыми жұмыстар

(бұл жұмыстарды мамандар мен жұтшылықтың іздеуіне қолайлы болуы үшін қай тілде жарияланса, сол тілде беруді жөн көрдік)

Абатуров Б. Д. Популяция сайгака в России и проблемы её сохранения. Вестник Российской Академии Наук, 2007, том 77, № 9. С. 785-793

Для специалистов совершенно очевидно, что природоохранная деятельность должна быть основана на глубоких знаниях и фундаментальных исследованиях законов природы как сложной комплексной системы. Между тем в реальности отступления от этого подхода, скорее, правило, чем исключение. На примере анализа динамики численности сайгака автор показывает, что защита любого вида фауны предполагает не только непосредственную его охрану, но и осуществление системы взаимосвязанных мер по сохранению среды обитания и упорядочиванию хозяйственной деятельности человека.

Арылова Н.Ю. Сохраним сайгака в России! Экология и жизнь, № 1(74), 2008. С. 60-65.

Сегодня судьба сайгака висит на волоске. Несмотря на полный запрет промысла, только за последние десять лет поголовье сайгака в Калмыкии сократилось на 90%. По результатам опросов местных жителей и специалистов, причинами такого положения являются браконьерство, нарушение местообитаний, препятствия на пути миграции, волки, степные пожары. Однако основной причина падения численности и препятствия на пути ее восстановления – браконьерство. Автором приводятся примеры различных инициатив по сохранению сайгака как на международном так и на национальном уровне, и подчеркивается, что спасение сайгака возможно только при условии, что все местные жители, специализированные природоохранные организации, правоохранительные органы встанут на защиту этого уникального вида.

Клевезаль Г.А. Принципы и методы определения возраста млекопитающих. Москва: Т-во научных изданий КМК, 2007. 283 с.

Книга знакомит читателей с основными методами определения возраста млекопитающих. В первой части книги дано описание всех основных методов определения возраста животных с указанием разрешающей способности, достоинств, недостатков и области применения каждого. Основное внимание уделено методам прижизненного определения возраста. Во второй части приведены конкретные данные, позволяющие определять разными методами возраст более 100 видов млекопитающих, включая сайгака.

## Хабарландыру

### Ақбөкенді сақтау Альянсының (SCA) 2008 жылғы кіші гранттарының программасы



2008 ж. жабайы табиғатты қорғау жүйесінің (WCN) қолдауымен ақбөкенді сақтау Альянсының кіші гранттар программасы жүзеге асуға тиіс. Программаның мақсаты – ақбөкенді сақтаудың кіші азмерзімдік проекттілердің орындалуына мүмкіндік туғызу. Ондай проекттілерді қаржыландырудың басқа мүмкіндіктері жоқ.

Ыңғайлы проекттілер мындай болуы керек:

- Ақбөкенді табиғи жағдайда (қолда өсіру емес) сақтауға бағытталған;
- Ақбөкен күйіне тура және анық әсер етуі;
- Проекттің орындалу мерзімі – бір жыл (2009 жылдың қараша айының аяғына дейін);
- Қажетті қаржы 1 000 және 2 000 АҚШ доллар көлемінде;
- Ірі проекттілердің бөлімі емес, дербес жұмыс болуы қажет;
- Ақбөкенді сақтау Альянсының қорғауымен орындалуға тиіс. Жұмыс оның Уставы мен талаптарына сәйкес болуы қажет.

Сіз ол туралы мәліметтерді және мәлімдеме формасын мына сайттан [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com) немесе электрондық почта [esipov@sarkor.uz](mailto:esipov@sarkor.uz) және [saigaconservationalliance@yahoo.co.uk](mailto:saigaconservationalliance@yahoo.co.uk). Мәлімдемені (заявки) 2008 жылдың 30-шы қыркүйегіне дейін беруге болады. Проекттің ұзақтығы – бір жыл, 2008 жылдың 15 қарашасынан басталады.



«Степной» қорықшасындағы (Ресей) ақбөкендер.  
Сурет А. Луещикинаникі

## Ақбөкенді сақтау Альянсы (SCA - АСА) ақбөкенді сақтау жөніндегі (MoB) - ӨТМ-ның орындалуы туралы

Ақбөкенді сақтау жөніндегі ӨТМ-нің орындалуы жөніндегі есеп (қаңтар – шілде 2008 ж.)

Э.Дж. Милнер-Гулланд ақбөкенді сақтау альянсы (SCA АСА) үшін

### Реферат

Есеп беріліп отырған мерзімде ақбөкенді сақтау проблемасында едәуір прогреске қол жетті. Берілген есептердің сапасы жақсарып, стандартқа сәйкес жазылатын болды. Бұл біздің тиімді мониторинг жүргізе алатынымызды көрсетті.

Жаңа немес бұрынғы фондылардың қаржыландыруымен бірнеше жаңа проектiлер Өзбекстан мен Қалмақияда жұмыс істей бастады. МАVА-ның қаржыландыруымен Моңғолияда жаңа проект жұмыс істей бастады. Оның жұмысын WWF-Моңғолия бақылайды, басқарады. Олар бірнеше бағытта (браконьерлермен күресу, жергілікті тұрғындармен жұмыс істеу және т.б.) жұмыс істейді. Қытайда жаңа заңдылық ақбөкен мүйіздері қорын пайдалануға бақылауды күшейтті. Қазақстанда да ақбөкенді қорғау шаралары күшейтілді. Есеп беріліп отырған кезде Түрікменстанда ақбөкен жөнінде не істеліп жатқаны туралы мәлімет ала алмадық.

Ортамерзімді программасы бойынша кейбір пункттер бойынша, әсіресе А1 (жылдам және жоғарғы приоритетті), берілген есептерде мәліметтер жеткіліксіз болды. Жоғарғы приоритетті А1 жөнінде ешқандай реальды прогресс жоқ:

*Қимыл 1.1.* ӨТМ-ге (MoB) Ресейдің қол қоюы.

*Қимыл 3.1.* Ресей мен Қазақстанның СИТЕС-тың ұсынысы бойынша Конвенцияның орындалуын күшейті. Экспортқа мораторияны күшейту.

*Қимыл 9.1/14.2.* Моңғолияда ақбөкенді қолда өсіруге мүмкіндік жасау.

*Қимыл 11.2.* Орал популяциясын сақтау үшін қоғамдық пікір қалыптастыру және оған жергілікті халықты тарту.

*Қимыл 11.3.* Орал популяциясын сақтау шараларын жоспарлау керек.

Ортамерзімді программада көрсетілген басқа қимылдар жөнінде ақбөкен таралған бірқатар елдерде бірқатар прогресс бар. Басқа да жетістіктер ӨТМ-ге қол қойған елдердің келесі кездесуіне дейін болады деп ойлаймыз.

Толық есеп орналасқан: [www.saiga-conservation.com](http://www.saiga-conservation.com). 2008 ж. шілде мен желтоқсан аралығында орындалған жұмыстар туралы есепті **15-ші желтоқсанға 2008 ж.** дейін жіберулеріңізді өтінеміз. Есепте барлық мәліметтер: орындалған мерзімі, орындаушылар және т.б. мәліметтер нақтылы көрсетілуі қажет.

### Алғыстар

Ақбөкенді сақтау Альянсы біздің жұмысымызды қолдаған донорларларға шын жүректен ризашылдығымызды білдіреміз. Олар: Мэги Брайнт, Винс Мартин және жабайы табиғат Фондысы, Джуди және Чак Ветли, Кеннон және Боб Хадсон, Линда Табор-Бек, Джефф Флокен, Энн Мэри Бургуин және Бред Робертс, Мишель Хакетт, Глория және Кент Маршалл, Стивен және Карин Чейз, Гэвин Эванс, Кэрролл Энн Ходджес және Джесика Кулер, сондай-ақ ақбөкенді сақтауға ұлес қосқан басқада мамандар. Сонымен бірге осы нөмерді шығару көмектескен - WCN, CMS, FZS және WWF ұйымдарына үлкен алғысымызды білдіреміз.